

*Мамандандырылған
тоқсандық
басылым*

2000 жылдан бастап
шығады

Басшы кітапханасы



**ЖАЗЫЛУ
ИНДЕКСТЕРІ:**

75668 – қазақ тілінде;

75669 – орыс тілінде

Құрылтайшы:

ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі
Азаматтық қорғау республикалық
оқу- әдістемелік орталығы

Редакциялық кенес:

Е. Н. Мельников

Б. К. Еңсебаев

Б. О. Бұлыбаева

М.Б.Айнабекова

А.У.Нусипжанова

*«Надежда 2050» ЖШС баспаханасында
басылған. Көкшетау қаласы,
Баймұқанов көшесі, 3.
Тапсырыс № 184. Таралымы 182 дана*

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму
министрлігінде 10.04.2012 жылы
№ 12678-Ж тіркелінген

НӨМІРДЕ:

- Редакция алғы сөзі2
- Республика аумағында 2020ж.
болған табиғи және техногендік си-
паттағы ТЖ туралы шолу ақпарат....3
- ҚР ИМ 30.10 2018 ж. № 758 және
ҚР ҰЭМ 30 .10.2018ж. № 31 бірлескен
бұйрығынан үзінді9
- Бөгеттердің бұзылуы нәтижесінде
пайда болған ірі ТЖ-лар64
- ҚР ТЖМ аумақтық бөлімшелерінің
АҚ бойынша санаттарға жатқызылған
ұйымдармен әдістемелік жұмысының
объектілері мен тәсілдері71
- Айдар: «Сұрақтар мен жауап-
тар».....76
- Біздің оқырмандарымыздың пікір-
лері!82
- «АҚ қорғану құрылыстарының
мүлігін түгендеу тәртібі»
әдістемелік нұсқаулығы.....83

Құрметті журналға жазылушылар!

Жалпыға бірдей цифрландыру дәуірінде ҚР Білім және ғылым министрлігімен ресми аккредиттелген еліміздегі АҚ саласындағы жалғыз оқу орталығы, жалпыға бірдей танылған «АҚ РОӨО» бренді азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінің объектілік кіші жүйелерінің қызметін ақпараттық – әдістемелік қамтамасыз етуге бағытталған жаңа интернет-ресурс құрды.

Бұл интернет-ресурстың практикалық артықшылығы, сіз әртүрлі сайттардан кез-келген материалдарды іздеуге қымбат уақытты жұмсамайсыз. Ұйымдарға ыңғайлы анықтамалық түрінде ұсынылған азаматтық қорғаудың барлық аспектілері бойынша бірыңғай ақпараттық базаны пайдалану мүмкіндігі бойынша бірегей мүмкіндік беріледі. Контенттің жазылушыларын АҚ РОӨО интернет-ресурсының практикалық пайдасы күтіп тұр, ал бұл:

- АҚ саласындағы барлық мәселелер бойынша Орталықтың жоғары білікті сарапшыларынан кеңес алу. Біздің сарапшылар бәрін тез және оңай түсіндіреді;

- орталықтың әдістемелік материалдары қызметкерлерді оқыту мен даярлауға көмектеседі. Біздің слайд материалдары-сабақтарға арналған дайын конспекттер, ал ұсыныстар-үйренулер мен жаттығуларға арналған шаблондар;

- контенттің көмегімен сіздің ұйымыңыз АҚ саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау барысында мәселелерден аулақ бола алады, өйткені көптеген бұзушылықтарға заңнаманы білмеуден жол беріледі.

Орталықтың заманауи контенті – бұл қауіпсіздік жүйесін дамыту және жетілдіру бойынша ұйымдар мен кәсіпорындардың мүдделерін қорғауға бағытталған интернет платформа.

АҚ РОӨО Интернет ресурсы жаңартылған сайт құрылымында 2020 жылдың 1 желтоқсанынан бастап жұмыс істейді www.tg-oku.kz.

Орталықтың интернет ресурсына жылдық жазылу – 57667 теңгені құрайды. Орталықтың интернет-ресурсына жазылуды келесі порталдар арқылы ресімдеуге болады: Орталық 990 540 004 163 БСН-мен тіркелген «Мемлекеттік сатып алу», «Самұрық-Қазына», «Теңіз-сервис» және «ЕТБ». Шартты жасап, ұйымыңыздың қызметтеріне ақы төлегеннен кейін автоматты түрде интернет-ресурстың коды мен құпиясөз ұсынылатын болады.

АҚ РОӨО интернет-ресурсы бойынша толық техникалық ақпаратты Орталықтың телефондары арқылы алуға болады: 274-91-94, 8776-222-20-18, 8775-251-25-95, электрондық пошта: kursy@bk.ru. gz_center@mail.ru.

Құрметпен, журнал редакциясы

РЕСПУБЛИКА АУМАҒЫНДА 2020 ЖЫЛЫ БОЛҒАН ТАБИҒИ ЖӘНЕ ТЕХНОГЕНДІК СИПАТ- ТАҒЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР ТУРАЛЫ ШОЛУ АҚПАРАТ



«112» бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік қызметі пультына халықтан 6 237 678 қоңырау келіп түсті.

Уақытында ден қою шаралары қабылданды:

- өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметінің бөлімшелері және Республикалық жедел-құтқару жасағы 11 232 адамды құтқарды, 17 615 адамды эвакуациялады, 438 зардап шеккенге алғашқы медициналық көмек көрсетті, ТЖ орындарынан 748 адам денесін шығарды, 67 234 дабыл бойынша шығу жасады, соның ішінде 13 204 – өрт, 10 032 – авариялық-құтқару жұмыстары, 38 685 – өрт ретінде есепке алынбайтын жану, 107 – көрінеу жалған шақырту, 2 022 расталмаған жану фактілері, 3 184 басқалар;

Республикалық және облыстық маңызы бар жолдарда трассалық медициналық-құтқару пункттері жол-көлік оқиғаларына бір мыңнан астам шығуды жүзеге асырды (-30%, 2020ж. – 1090, 2019ж. – 1 565), шамамен 1 200 адам құтқарылды және эвакуацияланды (-24%, 2020ж. – 1 130, 2019ж. – 1 501), екі мыңнан астам адамға медициналық көмек көрсетілді (-34%, 2020ж. – 2020, 2019ж. – 3090).

Айта кету керек, ТМҚП жақын маңдағы елді мекендерге де медициналық көмек көрсетеді. Барлығы 900-ге жуық азамат жүгінді.

- «Апаттар медицинасы орталығы» ММ 3 651 зардап шеккенге медициналық көмек көрсетті, 2 753 адамды құтқарды, 1 451 адамды эвакуациялады, 4 490 шығу жасады, оның ішінде трассалық медициналық-құтқару пункттері 1 090 шығу жасады, 1 130 адамды эвакуациялады, 2 020 зардап шеккенге медициналық көмек көрсетті.

ТЖМ қарамағындағы ұйымдар мынадай іс-шаралар өткізді:

- «Қазавиақұтқару» АҚ әуе кемелері іздеу-құтқару жұмыстарына, өрттерді



сөндіруге қатысу, жеке құрамды жеткізуге және басқа тапсырыстар бойынша 1 726 ұшу сағатын жасады, оның ішінде санитариялық авиация бағыты бойынша 497 ұшу жасады, 478 адам тасымалдады;

- «Өрт сөндіруші» АҚ 324 адамды құтқарды және эвакуациялады, 613 шығу жасады, соның ішінде 183 өрт сөндіру, 44 авариялық-құтқару жұмыстарын өткізді, 386 жануды жойды.

Есептік кезеңде өрт, өнеркәсіптік қауіпсіздік және азаматтық қорғаныс саласында 23 мыңнан астам тексеру жүргізілді (-2,1 рет, 2020 жылы – 23 651, 2019 жылы – 50 110, оның ішінде өрт қауіпсіздігі: -2,1 рет, 2020 жылы – 21 542, 2019 жылы – 46 967; өнеркәсіптік: -36%, 2020 жылы – 1 514, 2019 жылы – 2 367; азаматтық қорғаныс: -23% 2020ж. – 595, 2019ж. – 776), 95 мыңнан астам бұзушылық анықталды (-2 рет, 2020ж. – 98 226, 2019ж. – 202 056, оның ішінде өрт: -2,1 рет, 2020ж. – 68 347, 2019ж. – 148 525; өнеркәсіптік: -47%, 2020ж. – 26 808, 2019ж. – 50 149; азаматтық қорғаныс: -9%, 2020ж. – 3 071, 2019ж. – 3 382). 400 - ге жуық объект тоқтатылды (-3,8 есе, 2020ж. – 379, 2019ж. – 1 452, оның ішінде өнеркәсіптік: -4,6 есе, 2020ж. – 279, 2019ж. – 1 288, өрт: -39%, 2020ж. – 100, 2019ж. – 164).

268 млн. теңге сомасына 14 мыңнан астам (-32%, 2020 ж. – 14 762, 2019 ж. – 21 762) жеке және заңды тұлғалар әкімшілік жауапкершілікке тартылды (-27,7%, 2019ж. – 371,1 млн.теңге).

Өткен жылдың су тасқыны кезеңі ел бойынша тұрақты және өршусіз өтті.



Өңірлердің әкімдіктерімен бірлесіп, инженерлік-техникалық іс-шаралар алдын ала жүргізілді, бұл ұзындығы 280 километрден (280,2 км.) астам өзен арналарын жағалауды нығайту, түбін тереңдету және тазарту; Гидротехникалық құрылыстарды жөндеу, ұзындығы 270 километрден (270,67 км.) астам қорғау бөгеттерін салу және қалпына келтіру; ұзындығы 530 километрге (529,9 км.) жуық арық жүйелерінің арналары мен коллекторларын тазарту, дренаждық және нөсер жүйелерінің құрылысы.

2017 жылдан бастап 2020 жылға дейін су тасқыны қаупінің алдын алу және жою жөніндегі жол картасы шеңберінде біз 905 елді мекеннің үш жүзден астам (315) елді мекенін су басу қатерін алып тастадық және 314 елді мекенді су басу қатерін барынша азайттық.

Осы бағыттағы жұмыс жалғасуда, біз өткен жылдың желтоқсан айында 2023 жылға дейінгі ұқсас Жол картасын бекіттік, онда елді ме-

кендерді су басу тәуекелдерін төмендету бойынша 160 млрд.теңге сомасына (160,2 млрд. теңге: РБ – 131,6 млрд. теңге, ЖБ – 28,6 млрд. теңге) іс-шаралар көзделген.

Сонымен қатар, ауа райының қолайсыздығынан (жауын-шашын нормадан жоғары), сондай-ақ Қостанай, Ақмола және Шығыс Қазақстан облыстарында жер асты сулары деңгейінің өзгеруінен 60 тұрғын үй мен 115 аула аумағын су басты.



Сондай-ақ, өткен жылдың мамыр айында Өзбекстан Республикасы Сардоба су қоймасының бұзылуы салдарынан Түркістан облысы Мақтарал ауданындағы 5 елді мекен зардап шекті.

ТЖ орнында жедел штабтар құрылды, зардап шеккендерді қабылдау және орналастыру ұйымдастырылды, Шымкент қаласынан, Қызылорда, Жамбыл және Қарағанды облыстарынан азаматтық қорғау күштері мен құралдарын қосымша көшіру жүзеге асырылды.

Төтенше жағдайдың салдарын жоюға Үкімет резервінен 15,9 млрд. теңге бөлінді. Қазіргі уақытта қалпына келтіру жұмыстары аяқталды.

Халықты оқыту және хабар беру мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарында 56 506: 7 020 – телевизия арналарында, 15 793 – баспа басылымдарында, 19 358 – радиода, 14 335 – ақпараттық агенттіктер таспаларында материалдар жарияланды.

Кәсіби авариялық-құтқару қызметтерінің ТЖ-ға қабылданған алдын алу және уақтылы ден қою алдын ала шараларының арқасында 2019 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда оқиға саны 6,9%-ға (1 084 оқиғаға) төмендеді, бірақ бұл ретте зардап шеккендердің саны 53,9 есеге (141 190 адамға), қаза болғандар саны 4,9 есеге (2 212 адамға), материалдық нұқсан 47,4%-ға (1 640 млн.теңгеге) өскені байқалады.

14 696 табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ және оқиғалар тіркел-

ген, 143 856 адам зардап шеккен, соның ішінде 2 793 адам қаза болды, материалдық нұқсан 5 096,7 млн.теңгені құрады.

Облыстар бөлігінде қалыптасқан және жалпыланған көрсеткіштер мынадай ахуалды сипаттайды (2019 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда):

- ТЖ саны мына облыстарда: Алматы 23,3%-ға (2019ж. – 1 645), Түркістан 13%-ға (2019ж. – 802), Ақтөбе 12,9%-ға (2019ж. – 948), Жамбыл 11,8%-ға (2019ж. – 964), Атырау 11%-ға (2019ж. – 328), Қарағанды 9,4%-ға (2019ж. – 1 614), Маңғыстау 8,1%-ға (2019ж. – 297), Қостанай 7,3%-ға (2019ж. – 1280), Нұр-Сұлтан қаласында 6,5%-ға (2019ж. – 676) қысқарды;

- қаза болғандар саны Қызылорда облысы 14,8%-ға (2019ж. – 27) азайды.

Сонымен бірге басқа өңірлерде:

- ТЖ саны облыстарда: Қызылорда 3,9%-ға (2019ж. – 638), Солтүстік Қазақстан 3,1%-ға (2019ж. – 735), Батыс Қазақстан 2,7%-ға (2019ж. – 641), Шымкент қаласында 3,3%-ға (2019ж. – 242) өскені;

- зардап шеккендердің саны мына облыстарда: Атырау 139,3 есеге (2019ж. – 97), Қарағанды 132,2 есеге (2019ж. – 92), Ақмола 102,8 есеге (2019ж. – 71), Батыс Қазақстан 88,1 есеге (2019ж. – 105), Солтүстік Қазақстан 86,1 есеге (2019ж. – 101), Маңғыстау 57,1 есеге (2019ж. – 30), Қостанай 54,2 есеге (2019ж. – 141), Алматы қаласында 171,9 есеге (2019ж. – 111), Нұр-Сұлтан қаласында 130,2 есеге (2019ж. – 143) ұлғайғаны байқалады;

- қаза болғандар саны мына облыстарда: Маңғыстау 13,3 есеге (2019ж. – 6), Батыс Қазақстан 9,1 есеге (2019ж. – 20), Атырау 8,2 есеге (2019ж. – 13), Қарағанды 7,9 есеге (2019ж. – 42), Шығыс Қазақстан 7,2 есеге (2019ж. – 66), Алматы қаласында 41,5 есеге (2019ж. – 10), Нұр-Сұлтан қаласында 18,4 есеге (2019ж. – 21) көбейді.

Техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың жалпы ТЖ санынан 90,2%-ды құрады, 13 258 оқиға тіркелді (6,8%-ға азайды), бұл ретте 875 адам зардап шеккен (46,8%-ға азайды), соның ішінде 414 адам қаза болды (25,3%-ға азайды).



Техногендік сипаттағы жағдайлардың негізгі үлесі өндірістік және тұрмыстық өрттерге (98,8%) тиесілі, 2020 жылдың он екі айында 13 102 өрт болды (5,9%-ға азайды), 748 адам зардап шеккен (6,3%-ға көбейді), соның ішінде 389 адам қаза болды (20,4%-ға көбейді), материалдық нұқсан 2 876,5 млн. теңгені құрады.

Өрттер саны мына облыстарда: Алматы 20,4%-ға (2019ж. – 1 471), Ақтөбе 12,7%-ға (2019ж. – 929), Қарағанды 9,5%-ға (2019ж. – 1 585),

Қостанай 8,8%-ға

(2019ж. – 1 245), Атырау 5,7%-ға (2019ж. – 297), Маңғыстау 5,3%-ға (2019ж. – 283), Жамбыл 3,4%-ға (2019ж. – 770), Нұр-Сұлтан қаласында 4%-ға (2019ж. – 653) қысқарды.

Өрт саны мына облыстарда: Қызылорда 12,1%-ға

(2019ж. – 538), Батыс Қазақстан 6,9%-ға (2019ж. – 578), Солтүстік Қазақстан 2,9%-ға (2019ж. – 712), Шымкент қаласында 4%-ға (2019ж. – 199) өскені байқалды.

Өрт туындайтын негізгі объектілер: 63,7%-ы тұрғын үй секторы, 15,9%-ы көлік құралдары, 5,4%-ы басқа ашық аумақтар, 5%-ы ормандар, 3,4%-ы сауда кәсіпорындары, 1,5%-ы өндірістік мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстар, 1%-ы әкімшілік-қоғамдық ғимараттар, 0,9%-ы ауылшаруашылық объектілері, 0,9%-ы далалар, шалғындар, жайылымдар, жатады.



Өрттің пайда болуының таралған себептері: 37,3%-ы отты абайсыз қолдану, 29,3%-ы электр жабдықтарын техникалық пайдалану және монтаждау қағидаларын бұзу, 13,4%-ы пештерді орнату және пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі қағидаларын бұзу, 6,3%-ы анықталған әдейі өртеу, 3,8%-ы тұрмыстық электр аспапта-

рын пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі қағидаларын бұзу, 2,6%-ы найзағайдың тікелей соғуы және олардан туындаған ықпал, 2,4%-ы балалардың отпен ойнауы болып табылады.

Табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар ТЖ-ның жалпы санынан 9,8% құрады, 2020 жылдың он екі айында 1 438 оқиға тіркелді (7,8%-ға төмендеді), оның ішінде 142 981 адам зардап шекті (140 есеге көбейді), соның ішінде 2 379 адам қаза болды (139,9 есеге көбейді). Зардап шеккендердің және қаза болғандардың санының көбеюінің негізгі себебі коронавирустық инфекцияның (COVID - 19) таралуы.

2020 жылы сел құбылыстарынан халықты қорғау жөніндегі іс-шаралар жалғастырылды. Жоспарлы түрде Алматы облысының Қорғас, Ақсай және Аюсай өзендерінің бассейндерінде жалпы құны 92 млрд. теңгеден (92,7) асатын сел ұстайтын бөгеттер салу жөніндегі жобалар іске асырылуда.

Өткен жылы Қазселденқорғау Алматы қаласы мен Алматы облысының (үлкен және Кіші Алматы, Ақсай, Талғар, Қаскелең, Есік, Түрген, Қорғас, Сарқан, Биен және Ақсу өзендерінің бассейндерінде) аса қауіпті 17 мореналық көлдерінде алдын алу іс-шараларын жүргізді.

8 миллион текше метрден (8,6 млн.м³) астам су ағызылды, көлемі жеті миллион текше метрге жуық жарылыс және жер жұмыстары жүргізілді (көлемі 7,1 млн. м³ эвакуациялық арналарды кеңейту, тереңдету).

Жалпы қабылданған шаралар мореналық көлдердің, сел ағындарының бұзылу қаупін азайтуға және елді мекендердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

2020 жылы 8 сел шығарындылары (2019 жылы – 8 сел шығарындылары) және 18 сырғыма құбылыстары (+3 рет, 2019 жылы – 6 сырғыма құбылыстары) тіркелді.



***Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 758 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 31 «Өрт қауіпсіздігі және азаматтық қорғаныс саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары мен тексеру парақтарын бекіту туралы» бірлескен бұйрығынан үзінді
(азаматтық қорғанысқа қатысты)***

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы Кәсіпкерлік кодексі 141-бабының 2 және 3-тармақтарына және 143-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Бекітілсін:

1) өрт қауіпсіздігі саласындағы тексерулер жүргізудің ерекше тәртібі үшін қолданылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес;

2) азаматтық қорғаныс саласындағы бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес;

22) азаматтық қорғаныс санатына жатқызылған және базасында азаматтық қорғау қызметтері құрылған ұйымдарға қатысты азаматтық қорғаныс саласындағы мемлекеттік бақылау аясындағы тексеру парағы осы бірлескен бұйрыққа 22-қосымшаға сәйкес;

23) Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарына қатысты азаматтық қорғаныс саласындағы мемлекеттік бақылау аясындағы тексеру парағы осы бірлескен бұйрыққа 23-қосымшаға сәйкес;

24) орталық атқарушы органдар мен олардың аумақтық бөлімшелеріне қатысты азаматтық қорғаныс саласындағы мемлекеттік бақылау аясындағы тексеру парағы осы бірлескен бұйрыққа 24-қосымшаға сәйкес;

25) табиғи және жасанды су айдындарында жаппай демалыс орындары бекітілген ұйымдарға қатысты азаматтық қорғаныс саласындағы мемлекеттік бақылау аясындағы тексеру парағы осы бірлескен бұйрыққа 25-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті (В.Р. Беккер) заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде орналастыру үшін «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бірлескен бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жолдауды;

4) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

5) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. «Өрт қауіпсіздігі және азаматтық қорғаныс саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері мен тексеру парақтарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 20 маусымдағы № 246 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 307 бірлескен бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15368 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 7 тамызда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары Ю.В. Ильинге жүктелсін.

5. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі _____ Т. Сүлейменов

Қазақстан Республикасының

Ішкі істер министрі _____ Қ. Қасымов

**Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2018 жылғы 30 қазандағы № 31
және Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2018 жылғы 30 қазандағы № 758
бірлескен бұйрығына
2-қосымша**

Азаматтық қорғаныс саласында бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу үшін тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері

1. Жалпы ережелер

1. Осы Азаматтық қорғаныс саласында субъектілерге (объектілерге) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу үшін қолданылатын тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері (бұдан әрі – Критерийлер) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы Кәсіпкерлік кодексіне, «Азаматтық қорғау туралы» 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін және тексеру парақтарының нысанын қалыптастыру қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17371 болып тіркелген) сәйкес әзірленді.

2. Критерийлер объективті және субъективті критерийлер арқылы қалыптастырылды.

2. Объективті критерийлер

3. Тексерілетін субъектілерді (объектілерді) бастапқы тәуекел дәрежесіне жатқызу объективті критерийлері арқылы жүзеге асырылады.

4. Жоғары тәуекел дәрежесіне мыналар жатады:

- орталық атқарушы органдары мен олардың аумақтық бөлімшелері;
- облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың, облыстардың қалалары мен аудандарының жергілікті атқарушы органдары;
- облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарында азаматтық қорғанысты ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі құрылымдық бөлімшелері (мекемелері, ұйымдары);

- азаматтық қорғаныс бойынша санаттарға жатқызылған ұйымдар;
- базасында Азаматтық қорғау қызметтері құрылған ұйымдар;
- табиғи және жасанды су айдындарында жаппай демалыс орындары бекітілген ұйымдар.

Жоғары тәуекел дәрежесіне жатпайтындар (болмашы):

- орталық атқарушы органдардың ведомстволық бағынысты ұйымдары;
- ауылдық аудандардың жергілікті атқарушы органдары;
- қорғаныш құрылыстары және басқа да азаматтық қорғаныс мүлкі бар азаматтық қорғаныс бойынша санаттарға жатқызылмаған ұйымдар;
- базасында эвакуациялық пункттері құрылған азаматтық қорғаныс бойынша санаттарға жатқызылмаған ұйымдар.

5. Жоғары тәуекелдер дәрежесіне жатқызылған субъектілерге (объектілерге) қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау іс-қимылын жүргізу мақсатында субъективті критерийлер қолданылады.

6. Жоғары тәуекелдер дәрежесіне жатқызылған және жоғары тәуекелдер дәрежесіне жатқызылмаған субъектілерге (объектілерге) қатысты жоспардан тыс тексерулер және профилактикалық бақылау бармай қолданылады.

3. Субъективті критерийлер

7. Субъективті критерийлерді анықтау мына ақпарат көздерінің:

1) бақылау субъектісі ұсынатын есептілік пен мәліметтерді мониторингілеу нәтижелері (азаматтық қорғаныс іс-шараларын орындау туралы есептер);

2) бақылау субъектісін (объектісін) бұрынғы бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері;

3) су айдындарындағы қолайсыз оқиғалар (табиғи және жасанды су айдындарындағы белгіленген жаппай демалыс орындарында бір немесе бірнеше адамның жарақаттануы, зақым алуы немесе қайтыс болу фактісі бойынша);

4) өткен жылғы жеке және заңды тұлғалардың өтініштері;

5) табиғи және жасанды су айдындарында жаппай демалыс орындарындағы құтқару бекетін орнатуға қойылатын талаптардың бұзылуы туралы ақпаратты ресми мемлекеттік органдардың интернет-ресурстар мен бұқаралық ақпарат құралдарын талдау қорытындысы негізінде жүзеге асырылады.

8. Қолда бар ақпарат көздерінің негізінде талдауға жататын субъективті критерийлер қалыптастырылады.

Талдау кезінде бұрын ескерілген және нақты бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты пайдаланылған деректер не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап қою мерзімі өткен деректер, субъективті критерийлердің деректері қолданылмайды.

9. Ықтимал тәуекел мен проблеманың маңыздылығына, бұзушылықтың біржолғы немесе жүйелі сипатына, әрбір ақпарат көзі бойынша бұрын қабылданған шешімдерді талдауға байланысты бұзушылық дәрежесіне – өрескел, елеулі және болмашы дәрежелерге сәйкес келетін субъективті критерийлер айқындалады.

Елдің қорғаныс қабілеттілігіне төмендетуге алып келетін азаматтық қорғаныс саласындағы талаптарын орындамау өрескел дәрежеге жатқызылады.

Елеулі және болмашы дәрежеге жатқызылатын азаматтық қорғаныс талаптары ұйымдастырушылық сипатта болады.

Азаматтық қорғаныс талаптарының бұзушылықтарын өрескел, елеулі және болмашы дәрежелерге бөлу, осы критерийлер қосымшада көрсетілген.

10. Тәуекел дәрежесі көрсеткішін есептеу кезінде азаматтық қорғаныс саласындағы талаптарын орындамау үлес салмағымен анықталады.

11. Азаматтық қорғаныс саласындағы өрескел дәрежедегі бір орындалмаған талабы 100 көрсеткішке теңеледі.

Азаматтық қорғаныс саласындағы талаптарының өрескел бұзушылықтары анықталмаған жағдайда, онда тәуекел дәрежесінің көрсеткішін анықтау үшін елеулі және болмашы дәрежедегі азаматтық қорғаныс саласындағы талаптарын бұзушылықтар бойынша жиынтық көрсеткіші есептеледі.

12. Азаматтық қорғаныс саласындағы талаптардың елеулі бұзушылықтар көрсеткішін анықтау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш мынадай формуламен есептеледі:

$$SP_3 = (SP_2 \times 100/SP_1) \times 0,7$$

мұнда:

SP_3 – азаматтық қорғаныс саласындағы талаптардың елеулі бұзушылықтар көрсеткіші;

SP_1 – азаматтық қорғаныс саласындағы елеулі бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP_2 - азаматтық қорғаныс саласындағы анықталған елеулі бұзушылықтардың саны.

13. Азаматтық қорғаныс саласындағы талаптардың болмашы бұзушылықтар көрсеткішін анықтау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш мынадай формуламен есептеледі:

$$SP_H = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,3$$

мұнда:

SP_H – азаматтық қорғаныс саласындағы талаптардың болмашы бұзушылықтар көрсеткіші;

SP_1 – азаматтық қорғаныс саласындағы болмашы бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP_2 – азаматтық қорғаныс саласындағы анықталған болмашы бұзушылықтардың саны.

14. Тәуекел дәрежесінің жалпы саны (SP) 0-ден 100-ге дейін шкаласы бойынша есептеледі және мынадай формуламен қосу арқылы анықталады:

$$SP = SP_3 + SP_H$$

мұнда:

SP – тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

SP_3 — азаматтық қорғаныс саласындағы талаптардың елеулі бұзушылықтар көрсеткіші;

SP_H – азаматтық қорғаныс саласындағы талаптардың болмашы бұзушылықтар көрсеткіші.

15. Тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша тексерілетін субъектіге (объектіге) мыналар жатады:

1) тәуекелдің жоғары дәрежесіне – тәуекел дәрежесінің 61-тан 100-ге дейін көрсеткіші кезінде және оған қатысты бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі;

2) жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылмаған – тәуекел дәрежесінің 0-ден 60-қа дейін көрсеткіші кезінде және оған қатысты бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізілмейді.

16. Бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу еселігі субъективті критерийлер бойынша алынған мәліметтерге жүргізілген талдау мен бағалаудың нәтижелерімен анықталады және жылына бір реттен жиі болмауы тиіс.

17. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау Кодекстің 141-бабының 3-тармағына сәйкес құрылатын бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жарты жылдық тізімдері негізінде жүргізіледі.

18. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау тізімдері субъективті критерийлер бойынша тәуекел дәрежесінің барынша жоғары көрсеткіші бар бақылау субъектісінің басымдығы ескеріле отырып жасалады.

*Азаматтық қорғаныс саласында
бару арқылы профилактикалық
бақылау жүргізу үшін тәуекел
дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
қосымша*

Тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары

P/c №	Азаматтық қорғаныс саласындағы талаптардың атаулары (бұзушылық дәрежесі аталған талап сақталмаған кезде белгіленеді)	Бұзушылықтар дәрежесі
	1. Есептілік пен мәліметтерді мониторингтеу нәтижелері	
1	Азаматтық қорғаныс іс-шараларының орындалуы туралы жыл сайынғы есепті ағымдағы жылғы белгіленген мерзімінде ұсынуы	өрескел
2	Еліміздің қорғаныс қабілеттілігін төмендетуге әкелетін талаптардың орындалмауы туралы ақпараттың азаматтық қорғаныс іс-шараларының орындалуы туралы жыл сайынғы ұсынылған есепте болуы	өрескел
	2. Алдыңғы бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері (ауыртпалық дәрежесі төменде көрсетілген талаптарды сақтамаған жағдайда белгіленеді)	
3	Жергілікті атқарушы органда төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі комиссияны құру туралы құқықтық актінің болуы	өрескел

4	Жергілікті атқарушы органда азаматтық қорғау қызметтерін құру туралы құқықтық актінің болуы	өрескел
5	Жергілікті атқарушы органда азаматтық қорғау қызметтері туралы ережелерді бекіту туралы құқықтық актінің болуы	өрескел
6	Азаматтық қорғанысты ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі құрылымдық бөлімшені немесе жекелеген қызметкерлерді құру туралы құқықтық актінің болуы	өрескел
7	Азаматтық қорғаныс жоспарының болуы	өрескел
8	Азаматтық қорғаныс жоспарының құрылымы мен мазмұнына сәйкестігі	елеулі
9	Жергілікті атқарушы органда тиісті азаматтық қорғау бастығы бекіткен жергілікті ауқымдағы төтенше жағдайларды және олардың салдарын жою жөніндегі іс-қимылдар жоспарының болуы	өрескел
10	Жергілікті ауқымдағы төтенше жағдайларды және олардың салдарын жою жөніндегі іс-қимылдар жоспарының құрылымы мен мазмұнына сәйкестігі	елеулі
11	Орталық мемлекеттік органда тиісті азаматтық қорғау бастығы бекіткен төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-қимылдар жоспарының болуы	өрескел
12	Жаһандық және өңірлік ауқымдағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-қимылдар жоспарының құрылымы мен мазмұнына сәйкестігі	елеулі
13	Объектілік сипаттағы төтенше жағдайларды және олардың салдарын жою жөніндегі іс-қимылдар жоспарының болуы	өрескел
14	Объектілік сипаттағы төтенше жағдайларды және олардың салдарын жою жөніндегі іс-қимылдар жоспарының құрылымы мен мазмұнына сәйкестігі	елеулі
15	Эвакуациялық комиссия құру туралы құқықтық актінің болуы	өрескел

16	Жергілікті атқарушы органда эвакуациялық қабылдау комиссиясын құру туралы құқықтық актінің болуы	өрескел
17	Жергілікті атқарушы органда эвакуациялық жинау пункттерін құру туралы құқықтық актінің болуы	өрескел
18	Жергілікті атқарушы органда эвакуацияның аралық пункттерін құру туралы құқықтық актінің болуы	өрескел
19	Жергілікті атқарушы органда эвакуациялық қабылдау пункттерін құру туралы құқықтық актінің болуы	өрескел
20	Жергілікті атқарушы органда зардап шеккен халықты (баспанасыз қалған, санитарлық шығындар, қайтарымсыз шығын) қабылдау пункттерін құру туралы құқықтық актінің болуы	өрескел
21	Эвакуациялық (эвакоқабылдау) комиссиясының құрамы мен ережесін бекіту туралы құқықтық актінің болуы	өрескел
22	Жергілікті атқарушы органда эвакуациялық жинау пункттерінің әкімшілігін тағайындау туралы қаулының болуы	өрескел
23	Жергілікті атқарушы органда аралық эвакуациялау пункттерінің әкімшілігін тағайындау туралы құқықтық актінің болуы	өрескел
24	Жергілікті атқарушы органда эвакуациялық қабылдау пункттерінің әкімшілігін тағайындау туралы құқықтық актінің болуы	өрескел
25	Жергілікті атқарушы органда зардап шеккен халықты қабылдау пункттерінің әкімшілігін тағайындау туралы құқықтық актінің болуы	өрескел
26	Эвакуациялық жинау пункттерінің әкімшілігін тағайындау туралы бұйрықтың болуы	өрескел
27	Эвакуациялық жинау пунктінде эвакуациялық жинау пунктін лауазымды адамдары міндеттерінің болуы	елеулі
28	Эвакуациялық жинау пунктінде эвакуациялық жинау пунктін жеке құрамы тізімінің болуы, құлақтандыру тәртібі (мекенжайы, телефон нөмірі)	елеулі

29	Эвакуациялық жинау пунктінде азаматтық қорғаныстың тиісті бастығының эвакуациялық жинау пункттерін құру туралы құқықтық актісінен үзіндінің болуы	елеулі
30	Эвакуациялық жинау пунктінде эвакуациялық пункттен жөнелтілетін байланыстары бар ұйымдар тізімінің, байланыстары бар эвакуациялық комиссиялар тізімінің (қалалық, аудандық), байланыстары бар көлікке отырғызу пункттері тізімінің болуы	өрескел
31	Эвакуациялық жинау пунктінде эвакуациялау жинау пункті аумағының схемасының (жоспарының) және олардың мақсаты бойынша үй-жайлардың болуы	елеулі
32	Эвакуациялық жинау пунктіне бекітілген жақын арадағы қорғау құрылыстарының тізбесі	өрескел
33	Эвакуациялық жинау пунктінде жинау эвакуациялау пунктіне қызмет көрсететін автоколонналардың келу және жөнелту графигінің болуы	өрескел
34	Эвакуациялық жинау пунктінде тасымалдауға арналған өтінім үлгісінің болуы	елеулі
35	Эвакуациялық жинау үлгісінде эвакуациялық куәліктің және оны беру туралы ақпараттың болуы	елеулі
36	Жергілікті атқарушы органда косарланған мақсаттағы объектілердің тізбесін бекіту туралы құқықтық актінің болуы	өрескел
37	Азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыстары қорының болуы, оларды азаматтық қорғаныс бойынша санаттарға жатқызылған ұйымдардың қызметкерлерін және халықты қазіргі заманғы зақымдау құралдарының зақымдау (кирату) факторларының әсерінен, сондай-ақ төтенше жағдайлар кезінде қорғауға арналған жұмыс істеуге әзірлікте ұстау	өрескел
38	Паналайтын жер паспортының болуы (радиацияға қарсы жасырын пана)	өрескел

39	Азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыстарын тексеру журналының болуы	өрескел
40	Паналайтын жер ішіндегі ауаның микроклиматы мен газ құрамының көрсеткішін тіркеу журналының болуы (радиацияға қарсы жасырын пана)	елеулі
41	Азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыстары жоспарының болуы	елеулі
42	Азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыстарын әзірлікке келтіру жоспарының болуы	өрескел
43	Азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыстарының жабдықтары, құралдары және мүлкі тізбесінің болуы	өрескел
44	Қорғаныш құрылысында басқару органдары телефоны тізімінің болуы	елеулі
45	Қорғаныш құрылысына қызмет көрсету жөніндегі топтың жеке құрамы тізімінің болуы	елеулі
46	Қорғаныш құрылысының тіршілікті қамтамасыз ету жүйлерінің (желдеткіш, сумен жабдықтау, кәріз, электрмен жабдықтау) пайдалану схемасының болуы	елеулі
47	Дизель электр станциясына, қорғаныш құрылысының сүзгіш-желдету жабдықтарына қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулықтың болуы	өрескел
48	Қосалқы қалалық, қосалқы қала сыртындағы, көмекші және жылжымалы басқару пункттерінің болуы	өрескел
49	Орталық мемлекеттік органда салалық белгісі бойынша бір қосалқы қалалық, қосалқы қала сыртындағы басқару пункттерінде бірлесіп орналастырылғанын растайтын құқықтық актінің болуы	өрескел
50	Дизель электр станциясының қорғаныш құрылысының болуы, жарамды күйде ұсталуы	өрескел
51	Қорғаныш құрылысын авариялық жарықтандырудың болуы, жарамды күйде ұсталуы	өрескел
52	Қорғаныш құрылысының сүзгі желдету жабдығының болуы, жарамды күйде ұсталуы	өрескел

53	Қорғаныш құрылыстарын сумен жабдықтаудың болуы, жарамды жағдайда ұсталуы	өрескел
54	Қорғаныш құрылысының кәрізінің болуы, жарамды жағдайда ұсталуы	өрескел
55	Электрмен жабдықтаудың және қорғаныш құрылыстарының ажыратқыш құрылғыларының (сөндіру тұтқалары, шүмектер, бекіткіштер және басқалар) болуы, жарамды күйде ұсталуы	өрескел
56	Қорғаныш – герметикалық есіктердің, қақпақшалардың және қорғаныш құрылыстарының жарылысқа қарсы құрылғыларының болуы, жарамды күйде ұсталуы	өрескел
57	Көрнекі жерлерге азаматтық қорғаныстың құлақтандыру сигналдары, жеке қорғану құралдарын пайдалану қағидалары, кіретін және шығатын жерлердің, дизельді электр станциясы мен сүзгіш-желдеткіш үй-жайлардың, санитариялық тораптардың, су тарату пункттерінің, санитариялық бекеттердің орналасқан орындарын көрсететін белгілердің болуы	елеулі
58	Қорғаныш құрылысының өртке қарсы құралдарын орнату орындарын жарықтандыру және белгілеудің болуы	елеулі
59	Талап етілетін мөлшердің болуы және азаматтық қорғаныс мүлкі қорларын әзірлікте ұстау, сондай-ақ жабдықталған қоймаларда орналастыру	өрескел
60	Азаматтық қорғаныс мүлкін сақтауға арналған қойма үй-жайларының болуы	өрескел
61	Азаматтық қорғаныс мүлкін сақтауға арналған қойма үй-жайларында тәулік бойы күзетудің болуы және жарамды күзет сигнализациясымен жабдықтау	өрескел
62	Азаматтық қорғаныс мүлкін сақтауға арналған қойма үй-жайларын түнгі уақытта жарамды жарықтандыру және аумақты қоршаудың болуы	елеулі

63	Қызметі азаматтық қорғаныс мүлкінің жай-күйіне теріс әсер етуі мүмкін кәсіпорындардан азаматтық қорғаныс мүлкін сақтауға арналған қойма үй-жайларының қауіпсіз қашықтығын сақтау	өрескел
64	Азаматтық қорғаныс мүлкін сақтауға арналған қойма үй-жайларының сыртқы және ішкі байланысын, күзет және өрт сигнализациясын қамтамасыз етуді есепке ала отырып, телефондандыру жүйесінің болуы	өрескел
65	Азаматтық қорғаныс мүлкін сақтауға арналған қойма үй-жайларында жедел түсіру үшін тиеу-түсіру жұмыстарын механикаландыру құралдарының болуы	өрескел
66	Азаматтық қорғаныс мүлкін сақтауға арналған қойма үй-жайларының кірме жолдарының жылдың кез келген уақытында көліктің кедергісіз өтуіне әзір күйінде болуы	елеулі
67	Азаматтық қорғаныс мүлкін сақтауға арналған қойма үй-жайының реттік нөмірінің болуы	елеулі
68	Азаматтық қорғаныс мүлкін сақтауға арналған қойма үй-жайларында ауаның темпераурасы мен салыстырмалы ылғалдылығын өлшеуге арналған аспаптардың (термометрлер, гигрометрлер немесе психрометрлер) болуы	өрескел
69	Азаматтық қорғаныс мүлкін сақтауға арналған қойма үй-жайларындағы ауаның температуралық режимі мен ылғалдылығын сақтау	өрескел
70	Қоймада бақылау-өткізу пунктінің болуы	өрескел
71	Қоймада азаматтық қорғаныс мүлкінің болуын есепке алу жөніндегі карточканың болуы	елеулі
72	Тиісті жылдың 1 қаңтарына және 1 шілдесіне жағдайы бойынша бухгалтерлік және қойма есебін салыстырып тексеру актісінің болуы	елеулі

73	Азаматтық қорғаныс мүлкінің техникалық (сапалық) жай-күйі актісінің, паспорттың, сақтаудың шекті мерзімдерінің аяқталғанын растайтын журналдың, сондай-ақ нормативтік көрсеткіштерден ауытқулардың болуы туралы зертханалық қорытынды сақтаудың шекті мерзімі өтпеген жағдайда қосымша болуы	өрескел
74	Азаматтық қорғаныс мүлкін есептен шығару актісінің болуы	өрескел
75	Азаматтық қорғаныс мүлкін кәдеге жарауға беру актісінің болуы	өрескел
76	Ықтимал радиациялық, химиялық, бактериологиялық (биологиялық) ластану (жұқтыру) аймақтарының шекараларындағы аумақтарда тұратын және жұмыс істейтін халық үшін бейбіт және соғыс уақытында қорғауды қамтамасыз ету үшін жеке қорғану құралдарының болуы	өрескел
77	Жеке қорғану құралдарына қосымша патрондардың болуы	өрескел
78	Радиациялық және химиялық барлау, дозиметриялық бақылау аспаптарының болуы	өрескел
79	Орталық мемлекеттік органда тікелей бағынысты салалық кіші жүйелерде және орталық атқарушы органда азаматтық қорғау құралымдарын құру туралы орталық атқарушы органның құқықтық актісінің болуы	өрескел
80	Жергілікті атқарушы органда азаматтық қорғаудың аумақтық құралымдарын құру туралы жергілікті атқарушы органның құқықтық актісінің болуы	өрескел
81	Ұйымда азаматтық қорғаудың объектілік құралымдарын құру туралы ұйым басшысының құқықтық актісінің болуы	өрескел
82	Жергілікті атқарушы органда командирін бекіте отырып, шұғыл ден қою жасағын құру туралы құқықтық актісінің болуы	өрескел

83	Азаматтық қорғау құралымдарының автомобиль, инженерлік (арнайы) және басқа техникасының болуы	өрескел
84	Азаматтық қорғау құралымдары құрал-жабдықтарының, құрал-саймандарының болуы	өрескел
85	Азаматтық қорғау құралымының әрбір мүшесіне тыныс алу органдарын қорғау құралдарының болуы	өрескел
86	Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелерінде құралымдар басшыларының оқудан өткені туралы сертификаттардың болуы	елеулі емес
87	Уәкілетті орган ведомствосының ұйымдарында және оқу орындарында азаматтық қорғау басқару органдарының басшы құрамы мен мамандарының оқудан өткені туралы сертификаттардың болуы	елеулі емес
88	Талап етілетін, жарамды құлақтандыру жүйесінің болуы	өрескел
89	Уәкілетті орган ведомствосының тиісті аумақтық бөлімшесімен келісілген бекітілген құлақтандыру схемасының болуы	өрескел
90	Радиоактивтік, химиялық, биологиялық зақымдануды (ластануды) уақтылы анықтау және индикациялау үшін азаматтық қорғанысты қадағалау және зертханалық бақылау желісінің болуы	өрескел
91	Су айдынында демалыс орнының иесінде құтқару бекетінің, құтқарушылардың штаттық құрамының болуы (бекет басшысы-құтқарушы, жасақшы-құтқарушы)	өрескел
92	Құтқару бекетінде екі бірлік көлемінде таразы немесе моторлы қайықтардың (борттарда «құтқару» деген жазуы бар) болуы	өрескел

93	Құтқару бекетінде «Құтқару шеңбері» құтқару құралдарының екі бірлік көлемінде болуы	өрескел
94	Құтқару бекетінде «Александров жібі» құтқару құралдарының екі бірлік көлемінде болуы	өрескел
95	Құтқару бекетінде екі бірлік санында «Мегафон» дауыс зорайтқыш құрылғыларының болуы	өрескел
96	Су айдынындағы демалыс орнында кезекші медициналық персоналы бар және қажетті құрал-саймандармен және дәрі-дәрмектермен жарақтандырылған алғашқы медициналық көмек көрсетуге арналған үй-жайдың болуы	өрескел
97	Құтқару бекетінде бір бірлік «Ілмекті трал» құтқару құралдарының болуы	өрескел
98	Құтқару бекетінде екі бірлік 5-6 метр құтқару тақтайларының (қысқы кезеңге) болуы	өрескел
99	Құтқару бекетінде екі бірлік құтқару кеудешелерінің (жилеттерінің) болуы	өрескел
100	Құтқару бекетінде екі бірлік «Сырықтар, құтқару ілмектерінің» болуы	өрескел
101	Су айдынындағы демалыс орнында қалтқылар сызығымен белгіленген және тереңдігі 1.2 метрден аспайтын балалардың шомылуына арналған учаскелердің болуы	өрескел
102	Шомылу маусымы басталғанға дейін жағажайдың тексерілуі туралы актісінің болуы	өрескел
103	Орнатылған қалтқылар, ақпараттық стендтер мен белгілердің болуы	елеулі
104	Су айдынындағы демалыс орнында, сондай-ақ балалар жағажайында әр 50 метр сайын судан ұзындығы 15 метрден аспайтын құтқару шеңберінің қалқандары мен «Александров жібі» құтқару құралдарының болуы	өрескел

	3. Табиғи және жасанды су айдындарындағы жаппай демалыс орындарында қолайсыз оқиғалардың болуы	
105	Табиғи және жасанды су айдындарындағы белгіленген жаппай демалыс орындарында бір немесе одан көп адам қазасы, жарақаттану немесе зақым алу фактілері	өрескел
	4. Расталған шағымдар мен өтініштердің болуы	
106	Су айдындарындағы жаппай демалу орындарында қауіпсіздікті қамтамасыз ету және азаматтық қорғаныс мәселелері бойынша екі және одан да көп расталған шағымдардың болуы	өрескел
	5. «Бұзушылар» рейтингісі болған жағдайда мемлекеттік органдардың ресми интернет-ресурстарын, бұқаралық ақпарат құралдарын талдау нәтижелері	
107	Табиғи және жасанды су айдындарындағы жаппай демалыс орындарында адам қазасы фактілері туралы ресми интернет-ресурстары мен баспа басылымдарында ақпараттың болуы	өрескел
108	Табиғи және жасанды су айдындарында жаппай демалыс орындарындағы құтқару бекетін орнатуға қойылатын талаптардың бұзылуы жөнінде мемлекеттік органдардың ресми интернет-ресурстары мен бұқаралық ақпараттық құралдарында ақпараттың болуы	өрескел

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2018 жылғы 30 қазандағы № 31 және
Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2018 жылғы 30 қазандағы
№ 758 бірлескен бұйрығына
22-қосымша

Азаматтық қорғаныс санатына жатқызылған және базасында азаматтық қорғау қызметтері құрылған ұйымдарға қатысты азаматтық қорғаныс саласында мемлекеттік бақылау аясындағы тексеру парағы азаматтық қорғаныс саласында _____

138-бапқа сәйкес Азаматтық қорғаныс санатына жатқызылған және базасында азаматтық қорғау қызметтері құрылған ұйымдарға қатысты.

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган _____

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді/ профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт _____

(№, күні)

Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы _____

(Бақылау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі), бизнес- сәйкестендіру нөмірі) _____

Орналасқан мекенжайы _____

Р/с №	Талаптар тізбесі	Талап еті- леді	Талап етіл- мейді	Талап- тарға сәйкес келеді	Талап- тарға сәйкес кел- мейді
1	Азаматтық қорғанысты ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі құрылымдық бөлімшені немесе жекелеген қызметкерлерді құру туралы құқықтық актінің болуы				

2	Азаматтық қорғаныс жоспарының болуы				
3	Азаматтық қорғаныс жоспарының құрылымы мен мазмұнына сәйкестігі				
4	Объектілік сипаттағы төтенше жағдайларды және олардың салдарын жою жөніндегі іс-қимылдар жоспарының болуы				
5	Объектілік сипаттағы төтенше жағдайларды және олардың салдарын жою жөніндегі іс-қимылдар жоспарының құрылымы мен мазмұнына сәйкестігі				
6	Эвакуациялық комиссия құру туралы құқықтық актінің болуы				
7	Эвакуациялық (эвакокабылдау) комиссиясының құрамы мен ережесін бекіту туралы құқықтық актінің болуы				
8	Эвакуациялық жинау пунктерінің әкімшілігін тағайындау туралы бұйрықтың болуы				
9	Эвакуациялық жинау пунктінде эвакуациялық жинау пунктінің лауазымды адамдары міндеттерінің болуы				
10	Эвакуациялық жинау пунктінде эвакуациялық жинау пунктінің жеке құрамы тізімінің болуы, құлақтандыру тәртібі (мекенжайы, телефон нөмірі)				

11	Эвакуациялық жинау пунктінде азаматтық қорғаныстың тиісті бастығының эвакуациялық жинау пункттерін құру туралы құқықтық актісінен үзінді көшірменің болуы				
12	Эвакуациялық жинау пунктінде эвакуациялық пункттен жөнелтілетін байланыстары бар ұйымдар тізімінің, байланыстары бар эвакуациялық комиссиялар тізімінің (қалалық, аудандық), байланыстары бар көлікке отырғызу пункттері тізімінің болуы				
13	Эвакуациялық жинау пунктінде эвакуациялау жинау пункті аумағының схемасының (жоспарының) және олардың мақсаты бойынша үй-жайлардың болуы				
14	Эвакуациялық жинау пунктіне бекітілген жақын арадағы қорғау құрылыстарының тізбесі				
15	Эвакуациялық жинау пунктінде жинау эвакуациялау пунктіне қызмет көрсететін автоколонналардың келу және жөнелту графигінің болуы				
16	Эвакуациялық жинау пунктінде тасымалдауға арналған өтінім үлгісінің болуы				
17	Эвакуациялық жинау үлгісінде эвакуациялық куәліктің және оны беру туралы ақпараттың болуы				

18	Азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыстары қорының болуы, оларды азаматтық қорғаныс бойынша санаттарға жатқызылған ұйымдардың қызметкерлерін және халықты қазіргі заманғы зақымдау құралдарының зақымдау (кирату) факторларының әсерінен, сондай-ақ төтенше жағдайлар кезінде қорғауға арналған жұмыс істеуге әзірлікте ұстау				
19	Паналайтын жер паспортының болуы (радиацияға қарсы жасырын пана)				
